



**"Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2023 – 2025 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 626 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2023 – 2025 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*Ә. Смайылов*

Жоба

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2023 – 2025 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы**

1-бап. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан кепілдендірілген трансферттің мөлшерлері

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдер бойынша мұнайдың 2023 – 2025 жылдарға арналған кесімді бағасының мынадай мөлшерлері белгіленсін:

2023 жыл – барреліне 48,9 АҚШ доллары;

2024 жыл – барреліне 42,2 АҚШ доллары;

2025 жыл – барреліне 40,3 АҚШ доллары.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2023 – 2025 жылдарға арналған республикалық бюджетке кепілдендірілген трансферттің мынадай мөлшерлері бекітілсін:

2023 жыл – 2 200 000 000 мың теңге;

2024 жыл – 2 000 000 000 мың теңге;

2025 жыл – 1 900 000 000 мың теңге.

Әлеуметтік және инфрақұрылымдық дамуды қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан кепілдендірілген трансферт республикалық бюджетке бағытталсын.

2-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Заң 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

2. "Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2022 – 2024 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы" 2021 жылғы 30 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының күші жойылды деп танылсын.

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК